

Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына сәйкес келетін оралмандардың отбасыларына тұрғын үйлер сатып алуға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері бойынша көзделген мақсатты трансферттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 сәуірдегі N 359 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 831 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1017 Жарлығымен бекітілген Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына сәйкес келетін оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үйлер сатып алуға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері бойынша көзделген мақсатты трансферттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі бөлінген қаражатты облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі